

## ӨЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

**Э. Н. Аббасов<sup>1</sup>, Б. А. Алиев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Нахичеван мемлекеттік университеті, Нахичеван, Әзірбайжан

<sup>2</sup>Халықаралық құқық қауымдастығы, Әзірбайжан

### АҢДАТПА

Адамның құқықтық мәртебесі дегеніміз – бұл құқықтардың, бостандықтар мен міндеттердің жиынтығын қамтитын бүкіл құқық жүйесі шеңберіндегі құқықтық нормалардың жеке жүйесі. Заңды құқықтардан, бостандықтар мен міндеттерден басқа, жеке тұлғалардың құқықтық мәртебесіне негізгі қағидаларды, оның ішінде біз қарастыратын теңдік қағидаларын жария ететін нормалар кіреді.

*Түйін сөздер:* құқықтар, бостандықтар, міндет, теңдік, азамат, иммигрант, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі, азаматтығы, халықаралық құжаттар, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі.

### ОБ АВТОРАХ

**Аббасов Эльман Нариман оглу** – старший преподаватель факультета «Социальное управление и право», Нахичеванский Государственный Университет, Нахичевань, Азербайджанская Республика, e-mail: abbasovelman1954@gmail.com

**Алиев Бахтияр Абдурахман оглу** – доктор философии по праву (Ph.D), доцент, Председатель Правления «Ассоциация Международного Права», Азербайджанская Республика, e-mail: antiterror-baku@mail.ru

**МРНТИ 10.53.17**

**JEL Classification: K32**

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Қ. Ж. Қуандықов<sup>1</sup>, Р. З. Абдрахманов<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

### АҢДАТПА

Мақалада азаматтардың экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығының өзекті мәселелері қарастырылған. Атап айтатын болсақ, экологиялық ақпарат ұғымы, азаматтардың қоршаған ортаның жай-күйі туралы хабардар болуы, экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыру механизмі мәселелеріне кеңінен талдау жасалынған. Сондай-ақ, азаматтардың экологиялық ақпаратқа құқығын қамтамасыз етудің құқықтық негізі мен Орхус конвенциясы терең зерттелген.

*Түйін сөздер:* экологиялық ақпарат, экологиялық қауіпсіздік, ақпараттық қауіпсіздік, Орхус конвенциясы, Экологиялық кодекс.

### КІРІСПЕ

Азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары қазіргі демократиялық мемлекеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Күрделі экологиялық жағдай кезінде аза-

маттардың экологиялық ақпаратқа құқығы экологиялық құқықтағы ең өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Бұл көптеген азаматтардың өздерінің экологиялық құқықтары туралы, атап айтқанда, қоршаған табиғи

ортаның жай-күйі туралы сенімді ақпарат алу құқығының жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілуімен де байланысты.

Экологиялық-ақпараттық қатынастардың негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы құрайды. Азаматтардың экология саласындағы маңызды құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында: «Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар», – деп аталған құқық нормасымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында: «Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті», – деп көрсетілген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабына сәйкес: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады» [1]. Қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратқа ие болудың ерекше маңыздылығы өте айқын, өйткені ақпараттың болуы ықтимал зиянды азайтуға мүмкіндік береді.

Ресей ғалымы С. А. Боголюбов атап өткендей, «азаматтардың ақпараттық құқықтары қоршаған ортамен тығыз байланысты және сонымен бірге экологиялық құқықтардың жүзеге асырылуына ықпал етеді» [2].

Келесі ресей ғалымы М. М. Бринчук былай дейді: «Азаматтардың экологиялық ақпаратқа құқығын реттеудің теориялық және практикалық маңызы сонда, адамдар мен азаматтар осы құқықты іске асыру кезінде бірқатар мақсаттарға қол жеткізеді: қолайлы қоршаған ортаға құқықты қамтамасыз ету, экологиялық маңызды шешімдерді дайындау және қабылдау рәсімдеріне қатысу, экологиялық құқықтарды қорғау және т. б.» [3].

Қазақстандық ғалым Р. Ережепқызының айтуынша: «Қоршаған ортаның жағдайы

қазіргі қоғам үшін маңызды тақырыпқа айналуда. Алайда, экологиялық проблемалар туралы айтатын болсақ, біз олардың себептері, сондай-ақ шешім қабылдау мүмкіндіктері, экологиялық жағдайды жақсарту үшін әрқайсымыз не істей алатынымыз «басқа біреуге» байланысты деп санаймыз. Жұртшылықтың бұл мәселелерде қандай ұстанымға ие болатындығынан, біздің қандай экологиялық ортада өмір сүретініміз байланысты болады» [4].

Келесі қазақстандық жас ғалым Е. М. Бағылбек былай дейді: «Тәжірибеде, лауазымды тұлғалардың құқықтық нигилизмі, азаматтардың экологиялық құқықтарының бұзылуы, заңнама талаптарын белден басу фактілері қоршаған ортаға және адам денсаулығы мен өміріне орны толмас зиянға ұшырауға әкеп соғу мүмкіндігін жоғарылатады. Сондықтан осы мәселелерге қатысты жауапкершілікті күшейту керек деп санаймыз» [5].

Жұртшылықтың қоршаған ортаның жай-күйі туралы хабардар болуы адамдардың құқықтық санасының деңгейін арттырады. Экологиялық проблемаларды тереңрек түсінуге және оларды шешуге тікелей қатысуға ықпал етеді. Экологиялық ақпараттың уақытылы болуы ықтимал зиянды мейлінше азайтуға мүмкіндік береді.

Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу – әркімнің табиғи құқығы. Жыл сайын адамзат жаңа экологиялық проблемаларға тап болады, оларды шешу уақыт өткен сайын қиынға соғуда. Қоршаған ортаны қорғау – әрқайсымыздың міндетіміз. Адамдар ұзақ уақыт бойы табиғат алдында қарыздар болып келді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Біртіндеп қоғамда кез-келген экологиялық міндет жаһандық міндет екенін түсіну артып келеді және оны шешу әлемнің көптеген елдерінің бірлескен күш-жігерін талап етеді. Бірақ бұл жеткіліксіз. Егер жұртшылық экологиялық ақпаратқа ашық қол жеткізе алмаса және экологиялық шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігі болмаса, экологиялық апатпен күресу әрекеттері нақты нәтижелерге әкелмейді. Қолайлы қоршаған ортаға конституциялық құқығын белсенді қорғауға шешім қабылдағандар-

дың алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі – ақпарат алу мәселесі.

Осы процеске қатысушы барлық субъектілердің табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету міндеттерін дәйекті және тиімді шешу үшін экологиялық ақпаратқа ие болу маңызды.

Біріншіден, мұндай ақпарат экономикалық, басқарушылық және басқа шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде қажет, олардың орындалуы қоршаған ортаның жай-күйіне кері әсер етумен байланысты.

Екіншіден, экологиялық ақпарат, азаматтарға заңнамада жүктелген міндеттерді орындаған кезде, мемлекеттің, кәсіпкерлік құрылымдардың табиғатты қорғау қызметіне араласу үшін экологиялық құқықтарын қорғау үшін қажет.

Ақпараттық қауіпсіздік еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады және Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адамның және азаматтың, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін ақпараттық салада нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғау жағдайы ретінде түсіндіріледі, бұл елдің тұрақты дамуы мен ақпараттық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы заңының 4-бабына сәйкес, ақпараттық қауіпсіздік пен экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздік түрлері ретінде бекітілді. Осы заңның 5-бабына сәйкес, «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету» – еліміздің негізгі ұлттық мүдделерінің бірі болып табылады [6].

2017 жылғы 30 маусымда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 407 қаулысымен «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы» – Қазақстанның киберқалқаны бекітілді. «Қазақстанның киберқалқаны» тұжырымдамасының мақсаты жаһандық бәсекелестік жағдайында Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ететін сыртқы және ішкі қатерлерден электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қорғалу деңгейіне қол жеткізу және оны қолдау болып табылады [7].

1998 жылғы 25 маусымда Данияның Орхус қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы» конвенциясы (Орхус конвенциясы) қабылданды [8].

Конвенцияның мақсаты – адамның денсаулығы мен әл-ауқаты үшін қолайлы қоршаған ортаға құқықтарын қорғауды, ақпаратқа қол жеткізуді, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуын және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот төрелігіне қол жеткізуді қолдау.

2000 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны бекіту туралы» заңымен 1998 жылғы 25 маусымдағы «Орхус конвенциясы» бекітілді [9].

Конвенцияға қол қойған әрбір тарапқа, Конвенцияның ережелерін жүзеге асыру үшін нақты, ашық және келісілген құрылымды құру және қолдау үшін қажетті заңнамалық, регламенттейтін шараларды қабылдау жөнінде міндеттемелер салынады.

Орхус конвенциясы бойынша ақпаратқа қол жеткізу:

- қол жеткізу еркіндігі (негіздемені талап етпейтін сұрау салу бойынша қажетті ақпаратты міндетті түрде ұсыну);

- интернет арқылы жұртшылықты белсенді ақпараттандыру, қоршаған ортаның жай-күйі туралы есептерді жариялау;

- ақпарат беруден бас тартар алдында оған жұртшылықтың қызығушылық дәрежесін ескеру;

- ол үшін өтініш жасаған органдарда ақпарат болмаған жағдайда, сұрау салуды қанағаттандыру мүмкіндігі бар органдарға сілтеме жасау;

- адам денсаулығына және/немесе қоршаған ортаға қауіп төнген жағдайда жұртшылықты дереу хабардар ету арқылы қол жеткізіледі.

«Орхус конвенциясы» азаматтардың бүкіл Еуропа бойынша экологиялық ақпаратқа қол жетімділігін кеңейтуі үшін жоғары бағаға ие болды, бұл реттеулердің

неғұрлым ашық және есеп беретін процестерін қамтамасыз етуге көмектеседі. Шынында да, БҰҰ ЕЭК-ның Конвенциясы адамдар мен үкіметтер арасындағы икемді қарым-қатынастың жаршысы ретінде ұсынылды. Жоғарыда көрсетілгендей, келісім ұлттық және халықаралық деңгейлерде шешімдер қабылдауға қоғамның қатысуын кеңейтудің, зардап шеккен қоғамға және үкіметтік емес ұйымдарға ерекше мәртебе берудің инновациялық тетіктерін енгізді.

Бұл ішінара қоршаған ортаға қатысты үкіметтік емес ұйымдардың БҰҰ ЕЭК-ның азаматтық қоғам субъектілері үшін шешім қабылдау құқығы бойынша лоббистік әрекеттерін көрсетеді – бұл Шығыс Еуропада сыртқы демократияны ілгерілету тұрғысында 1990 жылдары берекелі негіз тапқан лоббизм. Ақпаратқа қол жетімділіктің ашықтығы демократиялық басқарудың қажетті көрінісі және шарты ретінде танылды.

Алайда, Орхус конвенциясындағы ашықтық нормалары негізінен нарықтық либералды түсіністік негізінде тұжырымдалды, оған сәйкес ақпаратты ашу жөніндегі міндеттемелер тікелей мемлекеттік органдарға жүктеледі және тек жеке сектор институттары мен субъектілерін жанама түрде басқарады. Жоғарыда көрсетілгендей, осы түсінікке сәйкес Орхус құқығын әзірлеу және жүзеге асыру азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын әлсіретіп, қоғамға әсер етті [10].

Жеке кәсіпорындар конвенцияның тікелей аясына энергетикалық немесе су қызметімен қамтамасыз ету сияқты қоршаған ортамен байланысты деп саналатын мемлекеттік функцияларды орындайтын деңгейде ғана енеді. Конвенция халықаралық жария құқық тұрғысынан ақпаратты ашуды басқарудың міндетті саласын толтыратын, негізінен ақпарат алмасу, хабарлама, консультация және келісім бойынша келісімшарттық міндеттемелерді толтыратын мемлекеттік ережелерді қолдайды [11].

Орхус конвенциясының 2-бабына сәйкес, экологиялық ақпарат – ауа, атмосфера, су, ландшафт және табиғи объектілер, биологиялық әртүрлілік және оның компоненттері, генетикалық түрлендірілген организмдер және олардың өзара әрекеттесу сияқты қоршаған орта элементтерінің жай-күйі туралы жазбаша, аудиовизуалды,

электронды немесе кез-келген басқа нысандағы кез келген ақпаратты қамтиды.

Орхус конвенциясының осы ережесі кез келген тұлғалардың, кез келген ақпаратқа қол жеткізу құқығын бекітеді, бұл экологиялық ақпаратқа жүгінетін кез келген жеке немесе заңды тұлғаның өзінің сұрау салуында осындай ақпаратқа жүгіну себептерін көрсетпеуге құқылы екендігін куәландырады.

Қазақстанда және әлемде табиғи объектілердің сандық және сапалық сипаттамалары, ластанған ортаның адам денсаулығына әсері туралы экологиялық тұрғыдан маңызды ақпараттың жеткілікті дамыған банкі қалыптасты.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде 21-тарау «Экологиялық ақпарат» деп аталады. Бұл тарауда: экологиялық ақпарат; ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімі; Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры; Ұлттық экологиялық атлас; экологиялық ақпаратқа қол жеткізу; субъектілердің экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге қатысты құқықтары мен міндеттері; экологиялық ақпарат берудің мерзімдері мен тәртібі, қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндама сияқты құқық нормалары бар.

Экологиялық ақпарат дегеніміз бұл қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың денсаулығын сақтау үшін маңызы бар адамдар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен процестер туралы мәліметтер. Жалпы, экологиялық ақпарат – бұл өртүрлі ақпараттың үлкен ауқымы.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде «экологиялық ақпарат:

- қоршаған орта мен оның объектілерінің жай-күйі;
- қоршаған ортаға әсер ету факторлары, оның ішінде оның ластануы;
- қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын бағдарламалық, әкімшілік және өзге де шаралар;
- экологиялық нормативтер мен шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар;
- қоршаған ортаны қорғау және оларды

қаржыландыру жөніндегі жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар;

- қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер етуге қабілетті қызмет, оның ішінде бұл ретте қаралған есептеулер, талдаулар және қоршаған ортаға қатысты өзге де мәліметтер;

- қоршаған орта жай-күйінің халықтың денсаулығына, қауіпсіздігіне және өмір сүру жағдайларына, мәдениет объектілеріне, ғимараттар мен құрылыстарға әсер етуі туралы мәліметтер мен деректерді қамтиды», – деп көрсетілген [12].

Жалпыға бірдей қолжетімді экологиялық ақпаратты беруден бас тарту, бермеу, толық емес немесе анық емес ақпарат беру, сондай-ақ қол жетімділігі шектеулі ақпарат ретінде жалпыға қол жетімді экологиялық ақпаратты заңсыз жіктеу жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе сотқа шағым жасауға негіз болып табылады.

Экологиялық заңнама мен заң әдебиеттерінде «экологиялық ақпарат» ұғымы құқықтық тұрғыдан нақты анықталмаған. Заңгер-ғалымдар мен нормативтік құқықтық актілерде берілген анықтамалар әртүрлі. Экологиялық ақпаратқа қатысты құқық қолданудағы қиындықтар ақпаратты және мемлекеттік құпия мен құпия ақпаратты қамтитын ақпаратты ажырату критерийлерін бағалауға байланысты мәселелерді тудыруы мүмкін. Сондай-ақ, толық және толық емес ақпараттың өлшемдерін анықтау қажет, өйткені бұл тұжырымдар бағаланады.

Ресей ғалымы В. Н. Виниченко өзінің экологиялық ақпарат туралы анықтамасында, ол «үш негізгі экологиялық ақпаратты – қоршаған орта элементтерінің жай-күйін, факторларын, адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігін көрсетеді» [13].

Қазақстандық ғалым Р. Ережепқызы мынадай анықтама береді: «экологиялық ақпарат деп оларды сақтау тәсілдеріне қарамастан, қоршаған ортаның жай-күйі мен жай-күйінің өзгеруі туралы, сондай-ақ жоспарланған немесе жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаның жай-күйіне әсері туралы шынайы мәліметтер жиынтығы түсініледі» [14].

Біздің ойымызша, экологиялық ақпарат – қоршаған ортаның жай-күйі, экологиялық

нормативтер мен талаптардың, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсері туралы мәліметтер мен деректер жиынтығы.

Орхус конвенциясының 2-бабының 3-тармағына сәйкес, экологиялық ақпарат жазбаша, аудиовизуалды, электрондық немесе кез келген өзге материалдық нысандағы ақпаратты білдіреді. Экологиялық кодекстің 159-бабының 2-тармағына сәйкес, экологиялық ақпарат жазбаша, электрондық, дыбыс бейнелі немесе өзге де нысанда көрсетілуі мүмкін.

Экологиялық кодекстің 161-бабына сәйкес, елімізде мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры жүргізіледі. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды қоршаған ортаның және оның объектілерінің жай-күйі, қоршаған ортаға әсер ету факторлары туралы, оны қорғау, қоршаған ортаның ластануын болғызбау және азайту жөнінде қолданылатын шаралар, табиғи ресурстарды пайдалану туралы дәйекті ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының 10-бабына сәйкес, «ақпаратқа қол жеткізу мынадай тәсілдермен қамтамасыз етіледі:

- 1) сұрау салу бойынша ақпарат беру;
- 2) ақпарат иеленушілері орналасқан үй-жайларда ақпаратты орналастыру;
- 3) мемлекеттік органдардың ашық отырыстары мен жыл қорытындысы бойынша өткізілетін алқаларын интернет-ресурстарда онлайн-трансляциялауды қамтамасыз ету;
- 4) орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептерін тыңдау және талқылау;
- 5) ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру;
- 6) ақпаратты ақпарат иеленушінің интернет-ресурсында орналастыру;
- 7) ақпаратты «электрондық үкімет» веб-порталында орналастыру;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер».

Азаматтардың экологиялық ақпаратқа құқығын қамтамасыз етудің құқықтық не-



гізі бар. Көрсетілген тікелей әрекет ететін нормативтік актілердің негізінде заңда көзделген құқықтарға, оның ішінде сотқа жүгіну жолымен табанды түрде қол жеткізуге болады.

Алайда, экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыру механизмін анықтау үшін маңызды көптеген мәселелер заңнамада шешілмеген. Ең алдымен, заңнамада ресми экологиялық ақпаратты жеткізуші ретінде танылған және экологиялық зиянды өтеу туралы дауларды шешу кезінде қолданылатын дәлелдемелер белгілері бар құжаттар тізбесінің жоқтығын көрсету керек.

Сондай-ақ, жария және жеке экологиялық ақпаратты шектеу өлшемдері мен ұйымның меншігін құрайтын экологиялық ақпаратты берудің құқықтық нысандары туралы мәселе реттелмеген. Осы қатынастарды нормативтік-құқықтық реттеудің міндеті – экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асырудың құқықтық тетігін белгілеу болып табылады.

Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығының мазмұнында мынадай элементтер ерекшеленеді: құқық объектісі, құқық субъектісі, құқық субъектісінің құқықтық мүмкіндіктері. Бұл құқықтың объектісі экологиялық ақпарат болып табылады. Экологиялық ақпараттың құқықтық сипаттамасы оның маңызды белгілерін анықтауды және оған қол жеткізу деңгейі бойынша экологиялық ақпарат түрлерін жіктеуді қамтиды.

Қоршаған ортаның жай-күйі туралы мәліметтерді экологиялық ақпаратқа жатқызудың негізділігі күмән тудырмайды. Мәліметтердің осы санаты азаматтардың конституциялық құқығының объектісін құрайды. Бұл ақпаратқа қол жеткізу қоршаған ортаның жай-күйін адам өмірінің қолайлы сапасының өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Алайда, ақпараттың дұрыстығын және ақпаратқа кепілді қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында заңнамада қоршаған ортаның жай-күйі туралы ресми ақпарат көздерінің тізбесін толық белгілеу керек.

Сот практикасын талдау көрсеткендей, қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттың жалпы анықтамасының өзі оның жалпыға қол жетімділігін қамтамасыз ету

үшін жеткіліксіз екенін көрсетеді. Экологиялық маңызды ақпаратты ресми тасымалдаушылардың нормативтік тізімінің болмауы құқықтық қақтығыстарға әкеледі.

Біздің ойымызша, қоршаған ортаның жай-күйі туралы ашық экологиялық ақпаратты құжаттаудың бірыңғай талаптарын белгілеу, ашық экологиялық ақпарат пен мемлекеттік құпияны құрайтын ақпараттың аражігін ажырату проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

## **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ҚОРЫТЫНДЫ)**

«Экологиялық ақпарат» ұғымының мазмұнында қоршаған ортаға теріс әсер ететін қызмет туралы мәліметтер болуға тиіс. Экологиялық маңызы бар қызмет туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету бөлігінде коммерциялық құпия мен ашық экологиялық ақпараттың аражігін ажырату туралы мәселе өзекті болып табылады.

Кең мағынада шаруашылық қызмет туралы экологиялық ақпарат тек экологиялық маңызы бар ақпаратты ғана емес (мысалы, ластауыш шығарындылардың көлемі туралы), сонымен бірге айтарлықтай коммерциялық әсер етуі мүмкін ақпаратты да қамтиды (мысалы, қоршаған ортаға әсер етумен байланысты жаңа технологиялар туралы ақпарат, экономикалық қызметтің шығындары мен нәтижелерін талдау).

Коммерциялық экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығы осы ақпаратты қамтитын құжаттарға меншік құқығына қарсы тұрады. Экологиялық ақпаратқа меншік нысанына байланысты мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық ресурстарды бөлу жүргізіледі.

Жеке және заңды тұлғалар өз қаражаты есебінен жасалған, заңды негіздерде сатып алған, сыйға тарту және мұрагерлік тәртібімен алынған құжаттардың, құжаттар топтамаларының меншік иелері болып табылады. Мемлекет жеке және заңды тұлғалардан құжатталған ақпаратты мемлекеттік құпияға жатқызылған жағдайда сатып алуға құқылы.

Мемлекеттік билік органдарына және ұйымдарға міндетті түрде құжатталған ақпарат беретін субъектілер осы құжаттарға және олардағы ақпаратты пайдалануға өз

құқықтарын жоғалтпайды. Ақпарат, егер мүлік белгілері болса, онда меншік құқығының объектісі бола алады. Мұндай белгілерге мүліктің тұтынушылық құндылығы мен оны даралау мүмкіндігі жатады.

Ресей ғалымы А. А. Попов экологиялық ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету туралы құқықтық қатынастардың маңызды аспектісін зерттей отырып, азаматтардың заң нормаларына сәйкес толық, уақытылы және сенімді экологиялық ақпарат алу құқықтарының кешені оны ұсынатын мемлекеттік органдардың міндеттеріне толық сәйкес келмейді деген тұжырым жасады. Автордың пікірінше, бұл құқықтар халықты тиісті аумақтағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың «өкілеттіктеріне» емес, міндеттеріне толық сәйкес келуі керек [15].

Бұдан басқа, заң әдебиеттерінде экологиялық ақпаратқа билік ететін мемлекеттік органдар жүйесінің жұмыс істеуінің нақты тетігінің жоқтығы туралы негізделген пікірлер де айтылды. Мемлекеттік бақылау шеңберінен тыс, атап айтқанда, азаматтардың экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты экологиялық ақпаратты құжаттау тетігі әзірленбеген. Бұдан басқа, заңнамада ашық экологиялық ақпаратқа қол жеткізу режимі белгіленуге тиіс. Мұндай қол жетімділікті қамтамасыз етудің ең қолайлы нысаны экологиялық ақпаратты мамандандырылған көздерде міндетті түрде орналастыру болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, анықталған өзекті мәселелерді шешудің мынадай жолдары ұсынылады:

1) Азаматтардың қоршаған ортаның жай-күйі туралы хабардар болуы адамдардың құқықтық санасының деңгейін арттырады. Экологиялық проблемаларды тереңірек түсінуге және оларды шешуге тікелей қатысуға ықпал етеді. Экологиялық ақпараттың уақытылы болуы ықтимал зиянды мейлінше азайтуға мүмкіндік береді.

2) «Орхус конвенциясы» азаматтардың экологиялық ақпаратқа қол жетімділігін кеңейтуі үшін өте қажет, бұл реттеулердің неғұрлым ашық және есеп беретін процестерін қамтамасыз етуге көмектеседі.

3) Экологиялық ақпарат – қоршаған ор-

таның жай-күйі, экологиялық нормативтер мен талаптардың, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсері туралы мәліметтер мен деректер жиынтығы.

4) Қазақстан Республикасының заңнамаларында ресми экологиялық ақпаратты жеткізуші ретінде танылған және экологиялық зиянды өтеу туралы дауларды шешу кезінде қолданылатын дәлелдемелер белгілері бар құжаттар тізбесін көрсету керек.

5) «Экологиялық ақпарат» ұғымының мазмұнында қоршаған ортаға теріс әсер ететін қызмет туралы мәліметтер болуға тиіс. Экологиялық маңызы бар қызмет туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету бөлігінде коммерциялық құпия мен ашық экологиялық ақпараттың аражігін ажырату керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз. [Электронды ресурс]. // Әділет [web-портал]. – 1995. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (қарау уақыты: 25.10.2020).

2. Боголюбов С. А. Защита экологических прав. – Москва, 1996. – 60 б.

3. Бринчук М. М. Экологические права человека в условиях глобализации. // Права человека и процессы глобализации современного мира. – Москва, 2005. – Глава 4. – 176 с.

4. Ережепқызы Р. Некоторые правовые аспекты доступа к экологической информации в Германии. // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2014. – № 2 (71). – С. 193-202.

5. Бағылбек Е. М. Азаматтардың экологиялық ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері. // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – №3 (71). – 2014. – Б. 202-206.

6. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы заңы 2012 жыл 6 қаңтар. [Электронды ресурс]. // Әділет [web-портал]. – 2012. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527> (қарау уақыты: 25.10.2020).

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын («Қазақстанның киберқалқаны») бекіту туралы» № 407 қаулысы. 2017 жыл 30 маусым

[Электронды ресурс]. // Әділет [web-портал]. – 2017. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000407> (қарау уақыты: 25.10.2020).

8. 1998 жылғы 25 маусымдағы БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясының «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы» конвенциясы [Электронды ресурс]. // Экология геология және табиғи ресурстар министрлігі [web-портал]. – 1998. – URL: <http://ecogofond.kz/kz/orhusskaja-konvencija/> (қарау уақыты: 25.10.2020).

9. 2000 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны бекіту туралы» заңы [Электронды ресурс]. // Әділет [web-портал]. – URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000092\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000092_) (қарау уақыты: 25.10.2020).

10. Mason M. Information disclosure and environmental rights: the Aarhus Convention. // *Global environmental politics*. – 2010. – No. 10 (3). – P. 10-31.

11. Louka E. *International Environmental Law: Fairness, Effectiveness and World Order*. – Cambridge, UK: Cambridge University Press, 2006. – 536 p. – DOI: 10.1017/CBO9780511618109 (қарау уақыты: 25.10.2020).

12. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 2007 жыл 9 қаңтар. [Электронды ресурс]. // Әділет [web-портал]. – URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212\\_#z256](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212_#z256) (қарау уақыты: 25.10.2020).

13. Виниченко В. Н. Экологическая информация и принципы работы с ней. – Москва, Эколайн, 1998. – С. 7.

14. Ережепқызы Р. Понятие и правовое обеспечение права доступа к экологической информации. // *Вестник КазНУ, Серия юридическая*. – Том 72. – № 4. – 2014. – С. 206-215.

15. Попов А. А. *Правовое регулирование экологической информации: Автореферат дис...канд. юрид. наук*. – Москва, 2005. – 189 с.

## REFERENCES

1. “Constitution of the Republic of Kazakhstan”, (August 30, 1995), available at: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) (accessed: October 25, 2020).

2. Bogolyubov S. A. (1996), “Zashchita ekologicheskikh prav”, Moscow, 60 p. (In Russian).

3. Brinchuk M. M. (2005), “Ekologicheskie prava cheloveka v usloviyah globalizacii”, the book *Prava cheloveka i processy globalizacii sovremennogo mira*, Chapter 4, Moscow, 176 p. (In Russian).

4. Erezhepkyzy R. (2014), “Nekotorye pravovye aspekty dostupa k ekologicheskoj informacii v Germanii”, *Bulletin of KazNU. Law series*, No. 2(71), P. 193-202. (In Russian).

5. Bagylbek E. M. (2014), “Azamattardyn ekologiyalyq aqparatqa qolzhetimdiligin qamtamasyz etu maseleleri”, *Bulletin of the KazNU. Law series*, No. 3 (71), P. 202-206. (In Kazakh).

6. “The Law of the Republic of Kazakhstan on National Security”, (January 6, 2012), available at: <http://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1200000527> (accessed: October 25, 2020).

7. “Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan “On approval of the Concept of Cyber Security (“Cyber Shield of Kazakhstan”) № 407” (June 30, 2017), available at: <http://adilet.zan.kz/eng/docs/P1700000407> (accessed: October 25, 2020).

8. “Convention of the United Nations Economic Commission for Europe of 25 June 1998 on Access to Information, Public Participation in Decision-Making and Access to Justice on Environmental Issues”, available at: <http://ecogofond.kz/kz/orhusskaja-konvencija/> (In Kazakh).

9. “The Law of the Republic of Kazakhstan ‘On Ratification of the Convention on Access to Information, Public Participation in Decision-Making and Access to Justice on Environmental Issues’” (October 23, 2000), available at: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000092\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000092_) (accessed: October 25, 2020).

10. Mason M. (2010), “Information disclosure and environmental rights: the Aarhus Convention”, *Global environmental politics*, No. 10 (3), P. 10-31.

11. Louka E. (2006), “International Environmental Law: Fairness, Effectiveness and World Order”, Cambridge, UK: Cambridge



University Press, 536 p., DOI: 10.1017/CBO9780511618109 (accessed: October 25, 2020).

12. “Environmental Code of the Republic of Kazakhstan” (January 9, 2007), available at: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212\\_#z256](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212_#z256) (accessed: October 25, 2020).

13. Vinichenko V. N. (1998), “Ekologicheskaya informatsiya i principy raboty s nej”, Moscow, Ecoline, P. 7. (In Russian).

14. Erezhepkyzy R. (2014), “Ponyatie i pravovoe obespechenie prava dostupa k ekologicheskoy informatsii”, Bulletin of KazNU, Law Series, Vol. 72, No. 4, P. 206-215. (In Russian).

15. Popov A. A. (2005), “Pravovoe regulirovanie ekologicheskoy informatsii: Avtoreferat dis...kand. jurid. nauk”, Moscow, 189 p. (In Russian).

## TOPICAL ISSUES OF THE RIGHT TO ACCESS TO ENVIRONMENTAL INFORMATION

**K. Zh. Kuandykov<sup>1</sup>, R. Z. Abdrakhmanov<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

### ABSTRACT

The article deals with topical issues of the citizens right to access environmental information. In particular, a broad analysis of the environmental information concept, citizens' awareness of the environment state, and the mechanism for implementing the right to access environmental information was carried out. The legal framework for ensuring citizens' rights to environmental information and the Aarhus Convention were also studied.

*Keywords:* Environmental information, environmental safety, information security, Aarhus Convention, Environmental Code.

## АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВА НА ДОСТУП К ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ИНФОРМАЦИИ

**К. Ж. Куандыков<sup>1</sup> Р. З. Абдрахманов<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

### АННОТАЦИЯ

В статье рассмотрены актуальные вопросы права граждан на доступ к экологической информации. В частности, проведен широкий анализ вопросов понятия экологической информации, осведомленности граждан о состоянии окружающей среды, механизма реализации права на доступ к экологической информации. Также изучены правовые основы обеспечения прав граждан на экологическую информацию и Орхусская конвенция.

*Ключевые слова:* экологическая информация, экологическая безопасность, информационная безопасность, Орхусская конвенция, Экологический кодекс.

### АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

**Қуандықов Қалдарбек Жүнісбайұлы** – заң ғылымдарының кандидаты, қауымдас-тырылған профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: [khaldarbek.khuandykhov@narxoz.kz](mailto:khaldarbek.khuandykhov@narxoz.kz)

**Абдрахманов Рахат Зауытбекович** – заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: [rakhat.abdrakhmanov@narxoz.kz](mailto:rakhat.abdrakhmanov@narxoz.kz)